

Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының PhD докторанты Абельдинов Адай Кунанбаевичтің 8D02195 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Әлемдік контекстегі кәсіби қазақ анимациялық мектебінің даму перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына берілген

### РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбы "Әлемдік контекстегі кәсіби қазақ анимация өнерінің даму перспективалары" ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>А.К. Абельдиновтің «Әлемдік контекстегі кәсіби қазақ анимациялық мектебінің даму перспективалары» атты диссертациялық жұмысы «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы)», «Кредивті индустрияларды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №860 қаулысы)» негізінде жазылған.</p> <p>Зерттеу жұмысы мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған.</p> <p>Сонымен қатар, зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы бекіткен келесі ғылыми дамуының басым бағытына сәйкес:</p> <p>- «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер».</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертант анимация саласына стильдік, эксперименттік жаңалық енгізген режиссерлердің мультипликациялық фильмдеріне шолу жасау арқылы қазақ анимациясының қалыптасу деңгейіне кинотанушылық талдау жүргізеді. Сонымен қатар, Адай Кунанбаевичтің зерттеу жұмысы «Әмен Қайдар мектебі» және қазақ тілді еңбектерге алғаш рет «Аниматограф»</p>

			терминдерінің ғылыми қолданысқа енгізуімен ерекшеленеді. Қазақ анимация өнерін «мектеп» тұрғысында қарастырған алғашқы көлемді зерттеу жұмысы деуге болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	А. Абельдиновтің диссертациялық жұмысында автордың өзіндік ұстанымы, ойының тұнықтығы, нақты дәлелдермен мысал келтіруі өзі жазу деңгейінің жоғары екенін айғақтайды. Сонымен қатар, Ұлттық сараптама орталығы тарапынан диссертацияға берілген антиплагиат анықтамасы автордың өзіндік жұмысы мен академиялық адалдығын көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Кәсіби қазақ анимациялық мектебінің даму перспективаларын талыққанды қарастырған диссертациялық жұмысының өзектілігі негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың құрылымы, мазмұны, ғылыми аппараты, тұжырымдамасы зерттеу тақырыбын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертация мақсаты мен нақтыланған 6 міндеттері диссертация тақырыбына және мазмұнына толықтай сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның үш бөлімі, 6 тарауында логикалық байланыс сақталған.

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) <u>талдау ішінара жүргізілген;</u></p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста автордың ұсынған жаңа шешімдері, қағидаттар мен әдістері дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, ішінара талдау жүргізілген.</p> <p>Дегенмен, автор жалпыға белгілі қағидаттар негізінде бүгінгі қазақ анимациясына қатысты басты мәселелерді қозғайды.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u></p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Жұмыста алғаш рет кәсіби қазақ анимациялық мектебінің даму перспективаларына қатысты материалдар жүйеленіп, оларға ғылыми тұрғыдан кешенді талдаулар негізінде жаңа нәтижелер мен қағидаттар ұсынылған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u></p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Аталған зерттеу жұмысы кәсіби қазақ анимациялық мектебінің даму перспективалары мәселесін зерттеуге арналған тың ғылыми жұмыс.</p> <p>Диссертациядағы қорытынды 75% жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u></p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертациялық зерттеудегі басты тұжырымдары ғылыми тұрғыда дәлелденген. Өнертану және анимациялық режиссура саласындағы зерттеулерде негізделген.</p>

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді;  5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;  2) <u>жоқ</u>;  3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;  2) жоқ;  3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;  2) орташа;  3) <u>кең</u>  4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;  2) жоқ  3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Жұмыста алты ереже ұсынылған:</p> <p>1-ереже:  7.1 Жұмыста ереже дәлелденген.  7.2 Жұмыста келтірілген ережелер тривиалды.  7.3 Ұсынылған ережелер жаңа емес.  7.4 Ережелерді қолдану деңгейі орташа.  7.5 Диссертация мазмұны бойынша мақала жарияланған.</p> <p>2-ереже:  7.1 Жұмыста ереже дәлелденген.  7.2 Жұмыста келтірілген ережелер тривиалды.  7.3 Ұсынылған ережелер жаңа емес.  7.4 Ережелерді қолдану деңгейі орташа.  7.5 Диссертация мазмұны бойынша мақала жарияланған.</p> <p>3-ереже:  7.1 Жұмыста ереже дәлелденген.  7.2 Жұмыста келтірілген ережелер тривиалды емес.  7.3 Ұсынылған ережелер жаңа.  7.4 Ережелерді қолдану деңгейі ауқымды.  7.5 Диссертация мазмұны бойынша мақала жарияланған.</p> <p>4-ереже:  7.1 Жұмыста ереже дәлелденген.  7.2 Жұмыста келтірілген ережелер тривиалды емес.  7.3 Ұсынылған ережелер жаңа.  7.4 Ережелерді қолдану деңгейі ауқымды.  7.5 Диссертация мазмұны бойынша мақала жарияланған.</p> <p>5-ереже:  7.1 Жұмыста ереже дәлелденген.  7.2 Жұмыста келтірілген ережелер тривиалды емес.  7.3 Ұсынылған ережелер жаңа.  7.4 Ережелерді қолдану деңгейі ауқымды.  7.5 Диссертация мазмұны бойынша мақала жарияланған.</p>
----	--------------------------------------	--	--

			<p>6-ереже:</p> <p>7.1 Жұмыста ереже дәлелденген.</p> <p>7.2 Жұмыста келтірілген ережелер тривиалды емес.</p> <p>7.3 Ұсынылған ережелер жаңа.</p> <p>7.4 Ережелерді қолдану деңгейі ауқымды.</p> <p>7.5 Диссертация мазмұны бойынша мақала жарияланған.</p>
8.	Дәйектілік кагидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Кәсіби қазақ анимациялық мектебінің даму перспективалары мәселесін зерттеуде, құрылымдық-типологиялық, мәдени-семиотикалық, иконологиялық және салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылған. Иә, жұмыста әдіснама нақты жазылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияда жұмыс нәтижелері тарихи-кинотанушылық, семиотикалық-герменевтикалық әдіс, құрылымдық талдау, эмпирикалық әдіс, шығармашылық тәжірибе әдістемелері қолданылған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер – докторант А. К. Абельдиновтың режиссер-аниматор, қазақ анимациялық шығармашылық орталығының көркемдік жетекшісі және өнер академиясындағы педагогикалық тәжірибесі негізінде дәлелденген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> /</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Әсіресе, жұмыстың бірінші бөлімінде анимациялық мектеп тақырыбында қозғалатын мәселелерге дәлелдеме</p>

		ішінара расталған / расталмаған.	келтіру мақсатында ғылыми-теориялық еңбектерге сілтеме жасалған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: <u>1) бар;</u> 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы жоғары. Алдымыздағы докторлық зерттеу материалдары «Қазақ анимациясы», «Әлем анимациясының тарихы», «Өнер тарихы» пәндері бойынша және оқу-әдістемелік құралдың жазылуына маңызды ақпарат бола алады. Сонымен қатар, «Заманауи қазақ анимациясының басты мәселелері», «Кино, анимация саласындағы жаңа технологиялық құралдардың алар орны» тақырыбында қарастырылатын зерттеу жұмыстарына арқау бола алатыны сөзсіз. Зерттеу барысында алынған нәтижелер өнертанушылар мен көркем өнер сыншылары, анимация саласындағы мамандар үшін ғана емес, педагогика ғылымында да пайдалы ақпарат болатыны сөзсіз. Диссертацияның теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Диссертациядағы зерттеу нәтижелерін Отандық анимация мамандарын даярлауда практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; <u>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u> 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар 75% жаңа болып табылады. Сонымен қатар, диссертант А. Абельдинов әлем анимациясындағы негізгі тенденция, заманауи қазақ анимациясының дамуы тұрғысында терең талдау жүргізген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары бағаға ие. Жұмыстың ғылыми аппараты, қорытындысы түсінікті ғылыми тілде жазылған. Диссертант ғылыми терминдік сөздерді сауатты қолданғанын байқаймыз.
11.	Диссертацияға ескертулер		Әмен Қайдар мектебінің негізгі ерекшеліктері мен басты айырмашылығы, өзгешелігі жөнінде зерттеу жүргізілгенімен, бүгінгі қазақ анимация өнеріне нақты қай бағытта жүру керектігі жайында толығырақ

		<p>ақпарат берілсе деген ниет бар. Қазіргі заманғы жаңа технологияларға байланысты қазақ анимациясында цифрлық құралдар, бағалдарламалар қолданылады ма? Қолданған жағдайда қалай жүзеге асырылады?</p>
12.	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>	<p>Абельдинов Адай аудиовизуалды туындының немесе анимациялық фильмнің сапасына сараптамалық бағалау жүргізе алады.</p> <p>Заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, ақпараттық-талдау жұмыстарын жүргізе алады.</p> <p>Аудиовизуалды процессте, көркемдік қозғалыстарда, анимацияның стилі мен жанрлық формаларында және экран өнерінің басқа түрлеріне үлкен үлес қоса алады.</p>
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>	<p>Абельдинов Адай Кунанбаевичтің «Әлемдік контекстегі кәсіби қазақ анимациялық мектебінің даму перспективалары» атты диссертациялық жұмысы өзекті және өздігінен дайындалған ғылыми зерттеу жұмысын Қазақстан өнертану, кинотану ғылымына елеулі үлес қосатын, жаңа ғылыми әзірленген тұжырымдардан тұратын, ғылыми және практикалық маңызы бар құнды зерттеу жұмысы деп атауға болады. Жоғарыда келтірілген мәліметтерді ескере отырып, Абельдинов Адай Кунанбаевичтің 8D02195 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Әлемдік контекстегі кәсіби қазақ анимациялық мектебінің даму перспективалары» диссертациялық жұмысы қойылған талаптарға сай, ал оның авторы 8D02195 – Өнертану мамандығы</p>

			бойынша (PhD) философия докторы дәрежесіне лайық деп есептеймін.
--	--	--	--

**Ресми пікір білдіруші:** АГЭУ «Сымбат» дизайн және технология институты «Дизайн» кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы, қауымдастырылған профессор А.Ш Туякбаева



A handwritten signature in blue ink, appearing to be 'A. Sh. Tuaykbaeva', written over the right side of the official stamp.